

С.Д.АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ  
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА  
УНИВЕРСИТЕТІ



НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ  
УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.  
АСФЕНДИЯРОВА

# СӨЖ

ТАҚЫРЫБЫ: КАРДИОЛОГИЯЛЫҚ НАУҚАСТАРДЫҢ  
ДӘРІГЕРЛІК- ЕҢБЕКТІК САРАПТАМАСЫ

Орындаған: Пірмахан А.Ә

Топ: 15-2К

Курс: 5

Тексерген:Карибаева И. К

# ЖОСПАР

**1. Еңбекке уақытша жарамсыздыққа сараптама жүргізу, еңбекке уақытша жарамсыздық парағын және анықтамасын беру қағидаларын құрайтын ұғымдар:**

1.1. Еңбекке уақытша жарамсыздық

1.2. Еңбекке уақытша жарамсыздық сараптамасы

1.3. Медициналық-әлеуметтік сараптама (МӘС)

1.4. Дәрігерлік-консультациялық комиссия (ДКК)

1.5. Еңбекке уақытша жарамсыздық парағы

1.6. Еңбекке уақытша жарамсыздық анықтамасы

**2. Еңбекке уақытша жарамсыздыққа сараптама жүргізу, еңбекке уақытша жарамсыздық парағын және анықтамасын беру тәртібі**

**3. ЖИА бар науқастарда дәрігерлік-еңбектік сараптама, еңбекке жарамдылық,**

**4. ЖИА бар науқастарда мүгедектік топтары**

«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы»  
Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі  
Кодексінің 59-бабының 2-тармағына сәйкес Қазақстан  
Республикасының Үкіметі **қаулы етеді:**

Қоса беріліп отырған Еңбекке уақытша жарамсыздыққа сараптама жүргізу, еңбекке уақытша жарамсыздық парағын және анықтамасын беру қағидалары бекітілсін.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің  
2011 жылғы «31» қазандағы  
№1241 қаулысымен бекітілген

# ОСЫ ҚАҒИДАЛАРДА МЫНАДАЙ ҰҒЫМДАР ПАЙДАЛАНЫЛАДЫ:

**Еңбекке уақытша жарамсыздық** - адам организмiнiң сырқаттанумен немесе жарақаттанумен негiзделетiн жай-күйi, мұндай кезде функциялардың бұзылуы еңбекке жарамдылығын қалпына келтiру немесе мүгедектікті белгілеу үшiн қажеттi уақыт бойы кәсіптік еңбектi орындаудың мүмкін болмауымен iлесе жүреді;

- ▶ **Еңбекке уақытша жарамсыздық сараптамасы - мақсаты жеке адамның еңбекке жарамсыздығын және оның сырқаттану кезеңінде еңбек міндеттерін орындаудан уақытша босатылуын ресми тану болып табылатын денсаулық саласындағы сараптаманың түрі;**

**Медициналық-әлеуметтік сараптама (МӘС) -**  
оңалтуды қоса алғанда, организм функциясының  
тұрақты бұзылуынан туындаған тіршілік-  
тынысының шектелуін бағалау негізінде  
куәландырылатын адамның әлеуметтік қорғау  
шараларына қажеттіліктерін айқындау;

**Дәрігерлік-консультациялық комиссия (ДКК) -**  
медициналық ұйым ұйымдастыратын комиссия;

**Еңбекке уақытша жарамсыздық парағы** - еңбекке уақытша жарамсыздықты куәландыратын және жұмыстан уақытша босатуға және еңбекке уақытша жарамсыздығы бойынша жәрдемақы алуға құқығын растайтын құжат;

**Еңбекке уақытша жарамсыздық анықтамасы** - жәрдемақы алмай жұмыстан (оқудан) босату үшін негіз болып табылатын, денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекіткен нысандар бойынша еңбекке жарамсыздық фактісін куәландыратын құжат.

## **Еңбекке уақытша жарамсыздыққа сараптама жүргізу, еңбекке уақытша жарамсыздық парағын және анықтамасын беру тәртібі**

1. Еңбекке уақытша жарамсыздық парағы және анықтамасы жеке басын куәландыратын құжатын, 16 жасқа дейінгі балалар туу туралы куәлігін ұсынған кезде беріледі.
2. Еңбекке уақытша жарамсыздық парағын және анықтамасын беруді және ұзартуды медицина қызметкері адамды тексеріп-қарағаннан және науқастың амбулаториялық (стационарлық) медициналық картасына оны жұмыстан уақытша босату қажеттігін негіздейтін денсаулық жағдайы туралы деректерді жазғаннан кейін жүзеге асырады.
3. Еңбекке уақытша жарамсыздық парағы мен анықтамасы еңбекке уақытша жарамсыздығы белгіленген күнінен бастап мереке және демалыс күндерін қоса алғанда, еңбекке жарамдылығын қалпына келтірудің бүкіл кезеңі бойына беріледі.



## **ЖИА бар науқастарға үзілді- кесілді қарсы көрсететілген жұмыс түрлері:**

1. Әрдайым немесе қысқа уақытты(әжептеуір білінетін) физикалық күштемесі бар жұмыстар- жүк тасушы, сталевар, кузнец және т.б
2. Электромеханикалық орнатулар кезіндегі электромеханикалық қызмет көрсетулермен байланысты жұмыстар: электрик, электромантаждаушы т.б.

3. Кенет істен шығу салдарынан басқа адамдарға қауіп төндіретін жұмыстар: көлік жүргізушісі, ұшқыш, тепловоз жүргізушісі.

4. Экстремальды жағдайларда биіктікте жұмыс атқаратын жұмысшылар: верхолаз, өрт сөндірушілер.

5. Ағзаға уытты әсер ететін токсикалық заттармен жұмыс жасаушылар(әсіресе қантамырлық және нейротропты улар); бензинмен контакт, метанолмен т.б

Стенокардия кезінде уақытша еңбекке  
жарамсыздық:

- I ФК әдетте 8-10 күнді;
- II ФК — 2-3 апта;
- III ФК — 4-5 аптаны қамтиды.

# Миокард инфаркті кезінде уақытша еңбекке жарамсыздық:

Майда ошақты инфаркт алғаннан кейін уақытша еңбекке жарамсыздық орташа 2-3 ай,

Ірі ошақты асқынбаған -3-4ай,

Трансмуральды асқынулармен (ритм және өткізгіштік бұзылыстары, аневризма, қан айналым жеткіліксіздігі) -5-6ай және одан көп.

Егер науқас адамның динамикасы дұрыс еңбек етуге көрсеткіш бола алмаған жағдайда, 4 айлық ауру парағын күтпей-ақ науқасты МӘСКке жібереді.

## Мүгедектік топтары:

**3 топтағы мүгедектік-** егер ЖИА бар науқас өз мамандығы бойынша жұмыс атқара алмаса және төмен квалификациялы жұмысқа ауысуға мәжбүр болғанда немесе өз мамандығы бойынша еңбек етуге белілі шектеулер болғанда орын алады. Ереже бойынша бұл науқастар әжептеуір физикалық жүктемесі бар жұмыс орындарында жұмыс істейді. Сонымен қатар, психоэмоцианальды жүктемелер, метеорологиялық және микроклиматтық жағдайлар да ескеріледі. Әдетте бұл II –III ФК, жүктемелік стенокардияны өткерген науқастар.

**2 топтағы мүгедектік-** егер ЖИА бар науқас ауруының үдей түсуіне байланысты өз жұмысын атқара алмаған кезде. Мысалы, ұстамалардың жиілеуі, ұстамалар интенсивтілігі артқанда, жүрек аневризмасының дамуы, жүрек ритмінің қатаң бұзылыстары(жыпылықтаушы аритмия, толық атриовентрикулярлы блокада т.б), қан айналым жеткіліксіздігінің ІІБ сатысы. Әдетте бұл ірі ошақты (кейде трансмуральды) миокард инфарктісі асқынулармен, сонымен қатар, ІV ФК, жүктемелік стенокардияны өткерген науқастар.



**1 топтағы мүгедектік**- толық еңбекке жарамсыздық және әрдайым күтім қажет ететін науқастар. Бұл топқа трансмуральды миокард инфарктісі, асқынуларымен, IV ФК, жүктемелік стенокардия, қан айналым жетіспеушілігінің V сатысы бар науқастар жатады.




# ҚОРЫТЫНДЫ

Науқастың денсаулық жағдайына сәйкес келетін жұмысқа орналасу, оны денсаулық ауырлығын ескеріп уақытша еңбектен босату, мүгедектік топтарына бөлу екіншілік профилактикаға және еңбекке жарамдылықты сақтап қалуға әсер ететін факторлардың болып саналады.





# ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- ▶ Медик В.А., Юрьев В.К. Курс лекций по общественному здоровью и здравоохранению. Часть 2. Организация медицинской помощи. - М.: Медицина, 2003.- 456 с.
  - ▶ Кодекс “О Здоровье народа и системе здравоохранение” 18 сентября 2009 год
  - ▶ Артюшина Г.П./ Основы социальной медицины: Учебное пособие для вузов. М.: Академический проспект, 2005 – 56с
- 

Назарларыңызға рахмет!!!

